Ұлттық тіліміздің терең де сан қырлы қатпарларында мазмұны зерделенбеген мағыналық бірліктер аз емес. Небір тарихи дәуірлердің куәгері іспетті халықпен бірге жасап келе жатқан тұрақты тіркестердің бойында сол халықтың өмір кешулерінен ақтарар сыры аз емес. Сауда мен қолөнер орталығы қалалардан қашық көшіп-қонып жүрген, қазақ қауымы өз тұрмыстарына қажетті киім-кешек, ішіп-жем, үй-жай, құрал-жабдық, қару-саймандардың барлығын өз қолдарымен жасап алуға ақыл-қайраттарын аямай жұмсады. Мұның негізгі шикізаты мал шаруашылық өнімдері және табиғат байлықтары болды. Өрмек тоқу, тері илеу, киім тігу өнерін әрбір қыз, келіншек меңгерген. Ал ерлер айы ETHNO-LINGUISTIC л-тұрман, қамшы өруді, үй мүлкін жасауды мақсат тұтты. Домбыра, қобыз, сыбызғы жасаушы шеберге деген құрмет өзгеше болып, шешен домбыра құлынды бие, боталы түйемен бағаланған. Той-томалақта, басқа да шараларда өнердің әр түрінен жарыс өткізу дәстүрі қалыптасқан. «Оның бәрінде ұлттық нәр, нақыш сақталып ол тұрмысқа қолайлы, сәнді, икемді, сыпайы, сүйкімді, берік болуы ескерілген», -деп өнердің әр саласының басын біріктіре отырып, оның бәрі тек байлық бәсекесі емес, елдің елдігін, ауыл өлеуеті, азаматты танытатын дәстүр саналған деп қорытынды жасайды [1, 105 б.].

Қарастырылып отырған тақырып аясында да шұғылданған кәсібін өнер туындысы дәрежесіне жеткізіп, ел ішінде кәсіби шеберлігінің арқасында танымал болған небір кәсіпқойлар бары сөзсіз. Сондықтан болар, Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа аталауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің ішінде де өн бойын өнер нәрімен байытқаннан туындаған тұрақты тіркестер баршылық. Мысалы, балықшы түрікпен; уақтан ұл туса, ағашқа күн туады; Ақымбеттен ұл туса, ағашқа күн туады; ағаштан түйін түйген ақымбет; байым-тілгені қайыс, жүрген жері сайыс; бірәліден ұл туса, ағашқа күн туады; көн илеген көнші; тері жинаған көнші; жиреннен ұл туады дегенше, ағашқа күн туады де; кешу аман болса, өтеу өлмес т.б.

Тал бойына қолөнерінің ағаштан, қайыстан, бояудан жасалатын барша күдірет-құпиясын тоғыстырған, киіз үйдің ағаштан жасалатын шаңырақ,

кереге, уық, есік сияқты бөліктерін қазақ сүйегі не қаңқасы деп атайды. Киіз үйдің сүйегін үйші тоз арқылы балкытып, морлап, асқан дәлдікпен бір-біріне келтіреді, түбіміз ағаш, керегеміз ағаш тіркесі соның айғағы. Қазақы дүниетанымды бойына сіңірген бейнелі сөз өрнектерінің ұлттық табиғаты халық өмірімен, салт-дәстүрімен, наным-сенімдерімен, халықтық пайымдаулармен астасып, үндесіп жатады. «Первое и главное их рукоделие есть построение своих кибиток, которые делают из тонкого талу. Очищая оной и выкрася в красную краску, связывают в решетку ремнями, которые складываются и наверху делается круг, и на токовых же поставляется изогнутых таловых прутьях» [2, 67 с.], - деп Г.И. Андреев көрсеткендей, киіз үйдің жабдықтарын жасаудың шеберлері болғаны турасында тұрақты тіркестер мәлім етеді. Мысалы, Жиреннен ұл туады дегенше, ағашқа күн туады де. Жиреннің балалары икіз үйдің ағашын жасаған. Олар ер қосқан, арба, шана жасауға шебер болған. Ағашты ию үшін мор пайдаланған. Жиреннің балалары ағаштан түйін түйген шебер болғандықтан, ал арасында қанатты сөзге айналған [3, 46 б.]. Бес Байыс Бірәліден тарайтын үш ата Бәтен, Байтоқ және Жақсылық деген бабалардың атамекені Ақшатау өңірі қайың, терек, қарақат, мойыл, долана т.б. сияқты ағаштарға бай өлке. Бірәлінің кез келген ұлы ұсталық шеберлікті жете емгеріп, өздері жасаған бұйымдарын өздерінде жоқ заттарға айырбастаған. Атақтары ауыл аралап, содан қолы шебер, ісмер адам нені болса да жайнатып жібереді дегенді білдіретін Бірәліден ұл туса, ағашқа күн туады [4] және уақтан ұл туса, ағашқа күн туады т.б. мағыналық бірліктер қалған. Өз қажеттіліктерін өтеу үшін, күнделікті тұрмысқа қажетті зат, бұйымдарды әр елдің өз шеберлері белгілі бір шебер, яғни сол шебердің өзіне ғана тәр ерекшелікпен, сол ортаға, сол жерге бейім өрнекпен жасай білуі-тұрмыс қажеттілігін өтеудің айнымас бірден-бір көзі болды. Бйжағаттылық пен тиянақтылық, тағат тауысар ұқыптылық, өз ісіне деген сүйіспеншілік «кен асылы-жерде, сөз асылы-елде» дегендей, [5, 138 б.], осындай кәсіпке қатысты тұрақты тіркестер қалыптастырғаны сөзсіз. В. Гумбольдт: «Язык есть не продукт деятельности, а деятельность. Его истинное определение поэтому может быть только генетическим. Каждое поколение получает от предыдущего язык в готовом виде, но в этих готовых формах содержится все для обновления языка и вечного движения его в результате человеческого творчества» [6, 50 с.]. Ісмердің ісі іс барысында шындала түсіп, өрістей беретін болса, уақыт ауысқан сайын, келер ұрпақ атадан қалған мұраны жетілдіре, әрлей, дамыта түседі. Ол жөнінде Гердер жақсы айтқан: «мы являемся людьми еще до того, как становимся мудрецами, мы обладаем таким образом, языком и образом мышления прежде, чем приближаемся к философии, и оба они должны стать основой: язык рассудка-для разума, а образ мышления-для умозрения. Что же тем самым положено в основу? Родной язык, весь объем понятий, который мы усвоили с материнским молоком. Родной язык, целый мир знаний, не

являющихся изученными. Родной язык, поле, на котором произрастали все письмены светлого разума, - что это за кладезь идей? Это гора, по сравнению с которой горстки философских абстракций – лишь жалкий искусственный холмик, как несколько капель извлеченного разума по сравнению с мировым океаном языка», - десе, М.М. Копыленко: «В связи с этим Гердер полагает, что национальное это часть общечеловеческого, что любая национальная культура это своеобразная форма проявления общечеловеческой культуры» [7, 6 с.], - деп тілді этнолингвистикалық аспектіде қарастырудың бағдары ретінде көрсетеді.

Тақырыпқа сай материалдың ішінен небір «жаны сірі» сөздер сол аяда шегенделіп қалған деуге болады. Ол жөнінде белгілі ғалым Н. Уәлиев былай деген: «Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз орамдарының сан алуан сыры бар. Көнелікті ең көп сақтаған «жаны сірі» сөздердің небір шоғырлары алдымен мақал-мәтел, фразеологизмдердің құрамында шегенделіп қалған деуге болады» [8, 115 б.], - деуі тұрақты тіркес құрамында бүгінгі күнде тарих қойнауына озған сөздердің кездесуінен де көруге болады. Атап айтқанда, көн илеген көнші, көнші деген бір рулы ел, көн илеудің асқан шебері болғандықтан көн илеген көнші деп аталса, тері жинаған көнші - ат әбзеліне қолдану үшін мал терісін жинап, оны илеп, шаруаға қажет бұйым жасай білгендіктен, осы кәсібіне қатысты бір рулы ел «тері жинаған көнші» атанып кетсе керек. Байыстың Сармырза ұрпағының кіші бәйбішесі Жанығыз есімді әйелінен үш ұл туған. Аттары: Берді, Бегі, Өтей - «үш көнші» атанған. Бұлар Мұрын руларымен аталас. Берді, Бегі, Өтей үшеуі көршілес елдерден 40 жылқы ұрлап әкеледі. Ертеңінде ізін ала қуғыншылар жетсе керек. Бірақ айғақ боларлық еш нәрсе таба алмапты. Жанығыз шешейдің үш ұлы сол түн ішінде 40 жылқыны сойып, еттерін боршалап, тоғай арасына тығып тастапты. Ал терілерін дәу кеспектегі малмаға салып, көн илеп, ақ қайыс қылып үлгірген көрінеді. Қуғыншылар малманы көрсе де бір түн ішінде көн шығарады деп ойламаса керек. Осы оқиғаға байланысты жоғарыдағы Жанығыз шешейдің үш ұлының ұрпақтары «Көн илеген көнші» атаныпты.

Жанығыздан-Берді, Бегі, Өтей екен
Бір даудың түйініне 40 жылқы алып
Шілдеде, ұайнап тұрған, етін жеген!
Қазақтың бір әдеті-барымтасы,
Құн дауы, жесір дауы- қарымтасы.
Қырық жылқы терісін ақ қайыс қып,
Бір түнде пайда бопты «Көнші» атасы!
Атамыз көнші аталып, ел тамсантқан,

Найманға аты шыққан шебер екен! [9, 169 б.], - дегендей, көннен, теріден шаруаға қажетті бұйымдарды, заттарды ел ішіндегі шеберлер өздері-ақ жасап алған. Көн-иге салып, түгін түсірген ірі қара терісі. Одан тұрмысқа қажетті

бұйымдар жасалған. Көннен көн етік тігіп, көнек, көкжарғақ, торсық, саба жасайтын. Кейде көнді кереге көктеуге де пайдаланады [10, 31 б.].

Белгілі бір кәсіпке қатысты қалыптасқан ру-тайпа, оның табы атауларына қатысты қалыптасқан тұрақты тіркестерден қолынан да, тілінен де келетін жан иесі дегенді білдіретін-байыз-тілгені-қайыс, жүрген ері сайыс – байыстар мал терісін өңдеп, қайыс жасаудың шебері болса керек. Содан соң өңделген қайыстан әр түрлі заттар жарыса отырып жасайды. Болатшының аузынан, байғананың ауы артық-болатшы ел етікші болады. Етікші етіктің қайысын аузымен тарта, жібін тісімен қия отырғандықтан да, аузы-басы күл-қоқыс болады. Ал байғана балықшы екен, балықшы күніге жартылай суда тұрғандықтан, оның белден төменгі киімі таза болады, бұл арада екі туыстас ие кәсіптеріне орай бір-бірімен қалжындаса, бірін-бірі әлжуаса керек: найман біле ме, сайман біле ме? Керей руының адамдары келе жатып, бір найман руының адамының жұқа аяқ жасап отырғанын көреді де «Апыр-ай, мынау не деген шебер жігіт, қолынан келмейтіні жоқ қой тегі-наймансың ба ей?»- деп айқайлайды. Сонда найман жігіт: «Найманмын ғой, бірақ бұл істі найман білмейді ғой, сайман біледі ғой»,-деп жауап қайтарыпты. Яғни бір кәсіпті жете меңгерумен қатар, жұмыс барысында затты бабаына келтірер құрал-жарағын да соған сай болуы қажет дегенді білдіреді [11]; Найман болмай-хайуан болмайды. Ертеде жәрменкеге найман елі барғанша, төрт түлік малдың таңдаулысы тапшылық болады екен. Жәрменкешілер «Ой, найман келмесе, базарда хайуан да болмайды» десетін көрінеді. Яғни, найман руы, сан жағынан көп болғандықтан және малсақ, мал басы көп өсіп-өнген ел болғандықтан жәрменкеге басқа руларға қарғанда найман руы малды өте көп әкелген. Сондықтан жәрменкеге наймандар келгенше татымды мал басы да болмаған [12, 146 б.].

Қазақ халқының қолында бар тауары малы болса, сол малын базарға шығарып, саудалап, күнделікті тұрмыста қажет заттарын мал басына шағып, саудаласып, керегін алып, қажетін өтеп отырған. Ал найман көп пе, хайуан көп пе тіркесі найман болмай, хайуан болмайды тіркесінің квантативті өзгеріске ұшырауынан жасаған, көп жағдайда негізгі мәнісін түсінбегенде ру намысына тию үшін айтылған.

Қазақ баласы ана тілінде тек сөйлеп қана қоймаған, тілі арқылы дүниені көрген, естіп білген, бағалаған, өз орнын өлшеген, тапқан әлде таба алмаған. Тілі арқылы өлі дүниені жамыратқан, сөйлескен, қозғалысқа түсірген. Қазақ тілі-қазақтың өзі де, көзі де, жүргей де, құлағы да [13, 73 б.]. Ұлттың өмір сүруінің кепілі және өмірлік мұраты-ұлттық төлтумалықты сақтауға саяды. Төлтумалықтан өзге мұратты бірінші кезекке шығарған ұлт түптің түбінде рухани жадаулыққа ұрынады. Өзгеге еліктеп қана өмір сүреді. Ақыр аяғында басқа мәдениеттің аясына сіңіп жоғалады. Сайып келгенде, адамзат баласының ұзына тарихы осы қарапайым ақиқаттан тұрады [14, 251 б.]. Қазақ тілінің сөздік

казынасының байлығын, әлеуеттілігін, икемділігін танытатын қазақы ұғымға сай келетін бір алуан тұрақты тіркестер, ол кәсіпке байланысты ру-тайпа атауларына қатысты жасалған мағыналық бірліктер.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанболатұлы М. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. 2004. - 1т. - 520 б.
2. Андреев Н.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы: Ғылым, 1998. - 280 с.
3. Смағұлұлы Т. Найман Мәмбеткүл және Ырғызбай әулие әулеттері. 3-басылым. – Семей, 2004. -284 б.
4. Хабарлаушы: Қажығұлов Қ. 76 жаста. Аягөз қаласы.
5. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2000.
6. Гумбольдт В. О различии строения человеческих языков им его влияния на духовные развития человечества. - М: Прогресс, 1984.
7. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. - Алматы: Евразия, 1995.
8. Уәлиев Н.М. Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1999.
9. Сыдықов М.Қ. Көнші шіжересі. - Павлодар, 2004.
10. Көн ҚСЭ. - Алматы, 1975.
11. Хабарлаушы: Шаяхметов Т. Ұржар ауданы.
12. Өзбекұлы С. Мұра. - Алматы: Қайнар, 1992.
13. Советқазы Аү Тышқан жылғы қырғын. - Алматы, 1994.
14. Сейдімбек А. Ойтолғақ. - Алматы, 1997.

Резюме

В статье рассматривается профессиональная лексика в Восточно-Казахстанской области, связанная с племенными родами казахского народа.

Resume

The article deals with professional vocabulary in East Kazakhstan region associated with tribal families of the Kazakh people.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ (XX Ғ. 20-40 ЖЖ.)

Д.Қ. Тоқжігітова

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы қазақ лирикасының жанрлық сипаты туралы сөз қозғамас бұрын жалпы лириканың жанрлары теориясына байланысты қайшылықты әрі әр қилы пікірлердің орын алып келгеніне назар аударғымыз келеді. Орыс энциклопедиялық сөздігінде лириканың жанрларын жіктеу тарихи тұрғыдан өзгермелі екендігі және күні бүгінге дейін лириканы жанрларға жіктеудің нақты ұстанымдары жоқ екендігі орынды айтылған. Шындығында лириканың жанрлық сипаты тарихи дамудың әр түрлі кезеңдерінде үнемі біркелкі бола бермейтінін, оның дәуір, стиль т.с.с. әсерімен түрлі өзгеріске түсіп отыратынын естен шығармауымыз керек. Осы орайда белгілі орыс зерттеушісі В.Г. Белинскийдің: «Жанрлардың шекарасы нағыз дәлдіктен гөрі шамамен айырылады. Қайткенмен де оны картада мемлекеттің шекарасын көрсеткендей саусағыңмен нұқып көрсете алмайсың. Көркемөнер қай жақтағы болсын, бір шекарасына таяна беріп, өзінің әуелгі мағынасын біртіндеп жоғалтады да, шекаралас екінші жанрмен мағыналас болады. Сөйтіп шекаралас екі сипаттар ортақтасып екеуін жинастырады», - деген пікірін қазақ ғалымы С. Қирабаев С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» туындысының жанрлық сипатын анықтау үшін қолданғаны тегін емес [1, 250 б.].

Осы пікірлерге сүйенсек, лириканың жанрлық сипатын сөз еткенде, оның белгілі бір нақты түрін бөліп көрсету мүмкін бола бермейді, дегенмен шартты түрде бөлінген түрлері бар екенін де жоққа шығара алмаймыз. Мәселен, мысал мүң өлені (элегия), мадақ өлең (ода), төрттаған (рубай), нәзира т.с.с. бұрыннан бар, дау тудырмайтын лирика түрлері бар. Ал, жоқтау, арнау, айтысты т.с.с. А. Байтұрсыновтың 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» кітабынан бастап ұлттық өлең түрі, ұлттық үлгі деп қарастырып келгеніміз белгілі. Сонымен бірге, ойлану (медиазивті), жұмбақ, хат өлең түрлері де кеңінен жайылған. Қ.П. Жүсіп: «Әрине, лириканың жанрлық сипаты, жанр түрі ретінде дамуы сөз етілгенде, оның шартты түрде болсын ішкі бөлінісін: толғау; публицистикалық, немесе шолу өлең; дидактикалық, немесе үгіт өлені; арнау, хат өлеңі; сондай-ақ азаматтық лирика, көңіл-күй, табиғат, махаббат лирикасы болып тарамдалу мүмкіндігін т.б. ескеру керек» [2, 7 б.], - деп жазады.

Ал XX ғасырда жалпы лириканы тақырыптық тұрғыдан жанрларға жіктеу орнықты. Осы орайда С. Мақпыров: «Лирикалық шығармаларды тақырыптық

тұрғыдан саралап, жіктеуге болады. Мәселен, қоғамдық-әлеуметтік, саяси мазмұндағы өлеңдерді әдетте азаматтық лирика, өмір-болмыс сырлары жайлы толғанысқа құрылған пәлсапалық лирика, ғашықтық-сүйіспеншілік немесе жеке бастық сезім күйлерін толғайтын өлеңдерді ғашықтық, әйтпесе интимдік лирика, көңіл-күй лирикасы, сондай-ақ, табиғат лирикасы деп талдау-таразылау әдебиеттану ғылымында бұрыннан бар үрдіс» [3, 280 б.], - деп жанр мен тақырыптың үндестігін атап көрсетеді.

XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы қазақ лирикасының жанрлық сипаты дегенде, азаматтық, табиғат, махаббат, философиялық лирика деп жіктеп қарастырамыз.

XX ғасырдың 20-40 жылдары жемісті еңбек еткен қазақ лириктерінің шығармашылықтарына көз салғанда олардың қай-қайсысының да айналып өтпейтін нысанасы бар екенін көруге болады. Ол – табиғат. Табиғат лирикасының алғашқы белгі, нышандарын халық поэзиясынан байқауға болады. Шындығында да, қазақтың халық поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алатыны белгілі. Бұлай болуы заңды нәрсе еді. Кең далада көшіп жүрген, күнделікті өмірі жылдың төрт мезгілінде де кең сахарادا, ашық аспан астында, өзен-судың жағасында өтетін қазақтың өзін әрдайым табиғаттың аясында, бауырында отырғандай сезінуі таңғаларлық құбылыс емес.

Жыраулар поэзиясында табиғат салыстыру, егіздеу тәсілі арқылы суреттелді. Табиғатқа, ондағы түрлі құбылыстарға арқа сүйей отырып, әлеуметтік-философиялық ойларға терең бойлаған жыраулар дәстүрі кейінгі жазба поэзияда да жаңа арнамен байыды. XIX ғасыр басында өмір сүрген Д. Бабатайұлы, М. Мөңкеұлы тәрізді ақын-жыраулар толғауларында табиғат қосалқы, жанама нысан ретінде негізгі ойға тірек болып, салмақты көркемдік жүк көтерді. Ал Ы. Алтынсариннің табиғат суретін жырлаған екі өлеңі жазба поэзиядағы табиғаттың реалистік қалпын берген алғашқы туындылар болып саналады. Дәл осы кезеңдегі бұл саладағы үлкен жаңалық ұлы Абайдың өлеңдері еді. «Ыбырай мен Абайдың жаз мезгілін бейнелеген өлеңдерінде табиғаттың сұлу суретін жалаң суреттемей, ел тіршілігімен байланыстыра жырлауын және тақырып ауқымынан шықпауын олардың жетістігі деп білеміз. Ал, тереңге үңілсек Ыбырай Алтынсариннің өлеңі жалпылау да, Абай салған картина нақтылы екенін байқаймыз» [4, 20 б.], - дейді М. Әуезов. Абай пейзажды адам баласының өмір суретін ортасы, әлеуметтік өмірмен, көшпелі тіршілікпен байланыста ғана суреттемей, адамның жан сезімімен ұластыра бейнеледі. Абай дәстүрі кейінгі ақындарға, оның ішінде С.Сейфуллинге бет түзеп, бағыт алар нысан болды.

Абай тәрізді Сәкен Сейфуллин де табиғатты жалаң жырламайды, табиғат пен адам сезімін, оның көңіл-күйін байланыста алады. Мысалы, түрмеде отырғанда жазылған «Қамаудан» атты өлеңінде жау қолына тұтқынға

түсіп, темір тордың ар жағында жатқан тұтқынның көңіл күйі, жан дүниесі, қамыққан лирикалық қаһарманның табиғатпен сырласуы, тамылжыған табиғаттың сұлу көрінісіне ынтықтығы шебер де келісті суреттелген. Шағын өлеңнің өзінде үлкен сурет бар. Оқушының көз алдына түрменің тор терезесінен сұлу табиғат құбылыстарына көз салып ойға бөленген лирикалық қаһарман елестейді. Еркін далада туып-өскен тұтқын қазаққа тіпті табиғат та аяушылықпен жаны ауыра қарайды, бостандықтың символы - торғайлардың терезе алдына келіп шықшылықтаған үні ызғар шашқан тас үйді жылытқандай болады, даладағы самал жел жас көктің иісін жеткізеді. Қызыл шапақты күн де шұғыласын тұтқын отырған терезенің алдына төгеді, оның көз алдынан байтақ дала суреті өтеді. Майда жел кеп беттен өбіп, тұтқынның жүдеу жанын жұбатады. Көңілі жадыраған жан табиғат арқылы елімен тілдеседі, «шын ғашығы – бостандықты» аңсайды. Өлең:

Отырмын күзет қамауда,
Дұшпаннан тәнім жеңілді.
Жеңе алмас бірақ еш пенде

Асау еркін көңілді [5, 60 б.], - деген жолдармен аяқталады. «Далада», «Қырда» атты өлеңдерінде де табиғатпен сырласа отырып, ел басындағы ауыртпалыққа күйзеліс білдіреді. Дала желі – бостандық үнін елге жеткізер тың образ. Ақын әнін жел қағып әкетіп, Арқаға таратады. Даладағы жаңалықты ел жел үнінен естіп қуанысады.

«Ақша қар» атты өлеңінде ақын табиғаттың күнә мен кірден пәк тазалығын тамашалайды. Тазалық пен адалдық – ақын идеалы. Кір басып былыққан ескі дүниеге ол ақша қарды қарсы қояды. Жаңа жауған ақша қар кірді тазартып, сәні кеткен ағаштарға шашақ тағып, көрік береді, жер бетін жұлдыздай жалтыратып, сәнге бөлейді.

С. Сейфуллин табиғатты ел байлығының символы ретінде пайдаланады. Бұған «Экспресс» жинағындағы көп өлең дәлел бола алады. «Сұлу терек», «Міне, көл», «Орман», «Қара жер» өлеңдерінде экспресс үстінен туған даланың байлығын көріп шаттанған адамның көңіл күйі суреттеледі. Осы кітапқа кірген «Жазғы далада», «Күзді күні далада» өлеңдері де сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің өзгерістерін көрсетуде және жаңа дәуір адамының сезімін танытуда да маңызды.

Ақынның табиғат туралы өлеңдері қазақ кеңес әдебиетінде табиғатты жырлаудың жаңа ұстанымын қалыптастыруға ықпал етті.

Егер С. Сейфуллинде табиғат пен өз тұсының қоғамдық, әлеуметтік өмірі тығыз байланыста суреттелсе, І. Жансүгіров таза табиғат жыршысы ретінде танылды. І. Жансүгіров жылдың әр мезгіліне өлең арнап қана қоймай, белгілі бір табиғат құбылыстарына да жыр арнайды. «Ақшам» атты өлеңінде жазғы күннің батар алдындағы сәтін шебер суреттейді. Өлеңді оқығанда көкше аспандағы ақша бұлттан бастап, күн батып бара жатқан ақшам уақыттың бейнесі оқырманның көз алдына әсем бір суреттей елестейді:

Көкше көкте ақша бұлт
Көміліп күн нұрына,
Жер байырқау, жер сұлық,
Қызғылт алтын шұғыла [6, 9 б.].

I. Жансүгіров бұл жерде акын ағана емес, ол суретші, қыл қалам шебері болып кетеді. Осы табиғаттың бір көрінісіне арналған суреттен ешбір қоспасыз, солғын бояусыз суретті көреміз. Аспанның өзі бір шумақпен-ақ суреттелген. Аспан көк те емес, қоңырқайлау тартқан, сондықтан да акын «көкше» деп атайды, бұл та ақ емес, ақша бұлт, өйткені күн батып барады, батар күнмен жарысқысы келмеген жел де байырқау, жер болса, ол да сұлық түскен, себебі күнсіз, күннің нұрынсыз жерде сән болар ма? Ал күннің батқан жері «қызғылт алтын шұғылаға» малынып, арайланып тұр. Бұл кезде тау күн шапағын түсіріп тұрғандағыдай емес, ақ шашты ана сияқты, енді оның жартастары да басқа бейнеге ауысқан. Түннен шошынғандай, тұманнан «дулыға» киіп алған, қарағайлары қалтырап, бұтақтарының дірілдеп тұрғаны сезіледі. Одан төменірек «есінеп» тұрған қыр көрінеді. Осы кезде күн де батты. Ақшам кезінің осы бір шырқау биігін акын:

Көз жұмғанда көкше көк,

Көсіліп жер тырайды [6, 9 б.], - деп береді. Күн бейне бір көктің көзі тәрізді. Оның батуын көктің көз жұмуы деп алады акын. Кеш батқан соң күні бойы еңбек етіп, белі ауырып, аяғы талған адам көсіліп бір жатпай ма? Олай болса жер де сол адам бейнесінде алынған. Акын жерді «ұйқыға кетті» немесе «құлады» деп алса онша әсері болмас еді. Аяқ-қолының қайда кеткенін білмей «тыраюның» өзінде мән бар. «Ұйқыға кеткен» жерден гөрі «тырайған» жер оқырманға әсерлірек.

I. Жансүгіров табиғатты үнемі жанды бейне кейпіне түсіріп жырлайды. Мысалы, «Ағынды менің Ақсуым» өлеңінде:

Таймандаған тайпақ ай,
Желегі ме, туы ма?
Шүйке шарбы бұлытты

Қалқалай қалды қылмия [6, 10 б.], - деп айды қылмындаған қызға теңесе, енді бірде айдың сәулесі мен қайынды сүйістіреді» «құдиган қоңыр құрақтың» судағы саусағын судыратады.

Бұл I. Жансүгіровтің табиғатты суреттеуінде басқаға ұқсамайтын, өзіне ғана тән айнымас бір тәсілі тәрізді. Ж.Тастағанова: «Табиғатты адам бейнесінде, жанды құбылыс бейнесінде жырлау дәстүрін Илияс Жансүгіров бірқыдыру ілгері дамытты» [7, 21-22 бб.], - деп жазады. Шындығында да «Бұлт» өлеңінде таудың биік шыңы түнде «қабағы мұз, суық шал» бейнесінде тас жастанып жатса, «Ақшам» өлеңінде кешті «ақ шашты ана» кейпінде бейнелейді. Ал түнгі жаңбырдан кейін таң сәріде жөңкіле көшіп, тау жотасына – ана көкірегіне барып тынымдаған бозғыл бұлтты балғын бөбекке балайды:

Бұл – бөбек, тау – ана,
Ана төсін аймалай,
Ұйықтай тұрсын ол бала,
Шыққанынша жел қалай [6, 11 б.].

«Жетісу суреттері» І. Жансүгіровтің ақындық өнерінің құдіретті күшін айқын танытқан шығармасы. М. Әуезовтің: «Мен Ілиясты бұрын да білуші ем, өлеңдерін де оқып жүретінмін. Бірақ оны шын мағынасында дарынды ақын екенін мойындағаным сол «жетісу суреттері» өлеңін оқығаннан кейін» [8, 121 б.], - деуі бұл пікірімізді дәлелдей түседі. «Жетісу суреттері» табиғат жайындағы лирикалық өлең. Ақын өзінің туып-өскен балалық, жігіттік, азаматтық шағын бастан кешірген, зары мен мұңы, күйініші мен сүйініші, қуанышының куәсі болған жер жәннаты Жетісудың табиғатын тебірене жырға қосады. Таулы, өзенді, шалғынды бауырында неше алуан аң ойнаған Жетісудың Кіндіктас деп аталатын бір биігіне шығып, жан-жағына көз жіберіп, барын барлаған лирикалық кейіпкердің назарынан әрбір таудың тұлғасы, көрінісі, тарғыл ала шоқысы мен жартастары, шыңы мен құзы, ондағы алуан түрлі өсімдіктердің түс-таңбасы, қадір-қасиеті, бірі басымен алысқан асау, бірі жылысып аққан момақан өзендері, түрлі аң-құс, көбелектеріне дейін тыс қалмайды.

Жетісудың әсем табиғатын І. Жансүгіровтей жеріне жеткізе жырлаған ақын қазақта кемде-кем шығар.

Жиырмасыншы жылдардың орта тұсында таныла бастаған Ғ. Орманов лирикасында табиғаттың жырлануы өзгеше бір қарапайымдылығымен жан баурайды. «Қора» деген өлеңі – ақынның туған жер табиғатына арнап жазған алғашқы өлеңдерінің бірі.

Өзенге құйылады барлық бұлақ,
Зар илеп секіреді төмен құлап,
Заңғардан төмен қарай құлағанда,
Түтіндей бұрқырайды будақ-будақ.
Даусына тас жаңғырып үнін қосып,

Күңіреніп дамыл көрмей жатад шулап [9, 42 б.], - деп жансызға жан бітіреді. Ақын Қора бойындағы қайнаған тіршілікті лирикалық қаһарманның ішкі толғанысы арқылы көрсетеді. Сол кезеңде кең тараған поэтикалық дәстүр бойынша лирикалық қаһарман Қораның кешегісін еске алып күйзелсе, бүгінгі бақытты шағына қуанады, жер байлығын асқақ шабытпен жырлайды. Жыл мезгілдерінің сұлулығын ел өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен астастыра суреттеу – Ғ. Ормановтың табиғат лирикасына тән сипаттардың бірі. «Қырау қабақ көрі» қыс өлеңі Абайдың «Қыс» өлеңінен алыс кетпеген, бірақ Ғ. Ормановтың қысы жыны тез басылатын көрі шал бейнесінде беріледі:

Қанша соқсын, долдансын,
Қырау қабақ көрі қыс.

Күші қайтып аздан соң,
Қояды о да тым-тырыс [9, 98 б.].

Сондай-ақ «Көктем нұры», «Жаз шырайы» өлеңдерінде де жыл мезгілдерін өз қуанышымен жырға қосады. «Ешкім кенде қалар ма несібеден, Сол далада көктемде еңбек еткен!» деп түйін жасаған ақын жылдың төрт мезгілінің барлық қуанышы еңбекте деп, еңбек етуге үндейді.

М. Жұмабаевтың табиғат лирикасы біз жоғарыда сөз еткен ақындардың табиғат лирикасынан өзгешерек. М. Жұмабаев лирикасында табиғат құбылысы мен суретін символикалық мақсатта пайдалану тәсілі үлкен бір арналы сала, тұтастай бір поэтикалық әлемге айналады. Ақын табиғат арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмірді ишаралап, жан дүниедегі өзгерістер мен сезім күйлерін тұспалдап, емеурінмен білдіреді. Лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі құбылыстар, сезімдер қақтығысы, көңіл-күй әуені табиғат суреті мен құбылысына көшіріліп, адам болмысын танытуда табиғат жетекші орынға ие болады. М. Жұмабаевтың:

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаға.
Түнеріп жүр түннен туған перілер

Тәңірісін табанына таптаған [10, 40 б.], - деген жолдарында күнбатыс – түн – қараңғылық ассоциациясы тұтастай бейнеленіп, ақынның заманға, болып жатқан өзгерістерге көзқарасы аңғарылады. Қараңғылық – түн – қасіреттің, зұлматтың белгісі ретінде бейнеленіп, ақын қараниеттілерді «Тәңірісін табанына таптаған, түннен туған перілер» түрінде көрсетеді. Түн мен танды, қараңғы мен жарықты, Күнбатыс пен Күншығыстыбір-біріне қарама-қарс қоя отырып, авторлық ұстанымын танытады. «От» өлеңі де осы сарындас. М. Жұмабаев лирикасында күншығыс образы жаңа күннің басы – таң образымен пара-пар.

Ал М. Жұмабаевтың «Жазғытұрым» өлеңі – ақын поэтикасы үшін тосын құбылыс. Бұнда пейзажға толы жазғытұрым суреттері беріледі. Шығармадағы дыбыстық образдар туындыны ерекше бір симфониялық әуенге бөлейді. Өлеңнен жерді сипап күлген күннің («сипап жерді күн күлер»), күбірлеп жүрген жылы желдің («күберлеп жылы жел жүрер»), жүгірген сулардың («асығып сулар жүгірер») бейнесін көреміз, тіпті «күңіренген бұлттардың зарын» естігендей боламыз.

«Жаз келді» өлеңі эмоционалдылығы жағынан басқа өлеңдеріне ұқсамайтын туынды: мұнда қуаныш өлеңнің тұла бойын көктей өреді:

Алтын сәуле тұр сүйіп,
Жел маужырап тербелер.
Жұмсақ қана жымыып,
Жібек қанат жаз келер [10, 128 б.].

Жалпы, Мағжан лирикасының өзегі – адам өмірі туралы ой түйу. Оның табиғат лирикасы да адамның бұл өмірдегі орны, мәні туралы ойландырады.

Мағжанның пейзаждық лирикасын сөз еткенде, ақынның күз бен қыс туралы өлеңдері саны жағынан көп емес, бірақ бұл өлеңдердің ақынның поэтикалық жүйесіндегі орны ерекше. Ақынның поэтикалық құрылымына тән сипат – «қалың дерт», «мұнды дауыс» сияқты тілдік формалардың, образдардың тұрақтылығы. Бір қызығы, бұл образдар оның табиғат лирикасында да кездеседі. Тіпті көктем көрінісін тамашалаған ақынның мұң-қайғысы анық сезіледі. Сонымен қатар, бұл образдар табиғат лирикасын трагедиялық әуенге бөлемейді.

«Жазғы жолда», «Қысқы жолда» атты өлеңдерін оқығанда ақынның ойлау жүйесінің мифологиялық типін байқауға болады. Халықтың мифопоэтикалық санасында күз бен қыс - өлімнің символы. «Қысқы жолда» өлеңінде Мағжанның макрокосмы адам кейпіндегі жиһан түрінде берілген:

Үскірік аяз
Болғандай аз,
Қар да басқан
Кебінге ұқсап.
Сүйекке өтер
Суық құшақ...
Қашан, қайын,

Жетеді жаз? [10, 125 б.] «Жазғы жолда» өлеңі философиялық астарға толы: бұл дүниеде мәңгі ештеңе жоқ, бәрі де өтпелі, алдамшы, бәрі де өледі дегенді білдіреді. Ақын суреттеуінде адам өмір сүруінің субъективтік уақыты – тоқтаусыз, қайтарымсыз («Уақыт тоқтаусыз – қыс та жетті»). Мағжан Жұмабаев өлім суретін – тыным табуды - әлемнің тыныштық табуын суреттейді. Осындай пейзаждық суреттемеге ақын өз поэтикасына тән тыныштық образын енгізеді. Мағжан тыныштыққа құлақ түреді:

Жол жыландай иірілген,
Шаң ерініп үйірілген,
Ешбір леп жоқ, тып-тымық.
Аңсап есім жия алмай,
Көзімнің жасын тыя алмай,
Өлсем екен тұншығып! [10, 126 б.]

Уақыт – тек адам үшін қайтарымсыз, ал табиғат көктеммен бірге қайта жаңғырады. Ақынның осы тәріздес өлеңдерін тек табиғат лирикасы деп қабылдауға болмайды.

Қорыта айтқанда, Мағжанның жыл мезгілдері туралы өлеңдерінің негізгі идеясы – «адам мен табиғаттың бірлігі», ақын өлеңдерінде «адам дегеніміз – табиғат» деген ұстаным жүзеге асады.

М. Жұмабаевтың табиғат лирикасының өзіндік ерекшелігін, өзгеге ұқсамайтын сипатын сөз еткенде Ж. Аймауытовтың: «Ақын тұрмысқа өмірде қанағат етпесе, оның алданышы не болмақ? Не үшін жасамақ? Әрине, адамда

аз да болса, бір үміт, бір таяныш болу керек. Ондай таяныш болмаса тіршілік етіп не керек? Адам – алдағыш, адам – жауыз, өмір – азап, келешек – қараңғы, бәрі өзгергіш, опасыз. Өзгермейтін, алдамайтын таза қасиетті нәрсе не? Ол – табиғат. Табиғат, махаббат, көркемдік – міне, қашаннан бері ақындардың жырлап келе жатқан, бас иген құдайы, жабыққан жанына ем болған дәруі» [11, 420 б.], - деген пікірін алға тартамыз.

Қорыта айтқанда, XX ғ. 20-40 жылдарындағы табиғат тақырыбына жазылған өлеңдер – қазақ поэзиясын мазмұндық жағынан да, пішіндік жағынан да байытқан шығармалар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қирабаев С., Сейфуллин С. - Алматы, 1962. – 291 б.
2. Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография. - Павлодар, 1999. – 384 б.
3. Мақпыров С. Лирикалық жанрлар // Кітапта: Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. Т. 5. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. - Астана: Фолиант, 2005. – 536 б.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т. 2. Бірінші кітап. - Алматы, 1960. – 390 б.
5. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 1: Өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Жазушы, 2002. – 192 б.
6. Жансүгіров І. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 1: Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 200 б.
7. Лияс лирика шыңының биігі // Қазақ және әлем әдебиеті. 2007. № 3.
8. Дүйсенов М. Лияс Жансүгіров (Өмірі мен творчествосы). - Алматы, 1965. – 310 б.
9. Орманов Ф. Төрт томдық шығармалар жинағы. Т. 1: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1982. – 416 б.
10. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.
11. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Кітапта: Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989 -566 б.

Резюме

В статье автор детально останавливается на условном видовом делении жанров лирики, о формировании тематической классификации лирики в XX веке, акцентирует внимание на воспеании лирики о природе.

Resume

In this article the author described in details the conventional state division of lyric poetry genre, the foundation of the thematic classification of XX century's lyric poetry, accentuate the attention on the lyric poetry about nature.

ӨОЖ 882.151.212.2-141

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ИСАБЕК ИШАН БЕЙНЕСІ

Ж.Т. Сарбалаев, Е.Ж. Сарбалаев

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Поэзиядағы азаматтық әуен туралы қазір сауатты адамдардың аузынан, зиялы қауымның ортасында жиі айтылатын сөз. Бірақ аталмыш ой-ұғым – халықтың мақалы емес, әйтпесе әдебиетімізден ойып орын алған үлкен туғаның мәйекті лебізі де емес. Кейінгі кездері зиялы қауым арасында мойындалған қанатты сөз. Бәлкім, оның алғаш айтқан авторы да болған шығар. Бірақ гәп – онда да емес, осы бір сөздің орайлы ақиқат екендігінде. Батыста әдебиет – әдебиет үшін, өнер – өнер үшін деген бағыттар бұрыннан кездеседі. Біздің қазақ әдебиетінде мұндай тамыры таяз, сыңаржақ бағыт, тек байлар мен бағландардың көңілінен шығып, соларға қызмет қылғаны белгілі. Бұқараға жат ақындық иелері орысқа бодандыққа дейін де, кешегі кеңес кезеңінде де кездеспегені мәлім. Еліміз егемендігін алған бүгінгі таңда мүлдем мұндайдың ұшқыны жоқ, бәлкім алдағы уақытта да ұшыраспайтын болар. Себебі бағзы замандардан-ақ, тіпті қазақ жаратылған шақтан-ақ халқымыз өленді ермек, өнерді тек көңіл көтеру құралы деп қарамаған. Ақиқаты: қазақ үшін қашанда өлең – өмір. Өмір – өлең. Қазақ поэзиясы өзінің даму арнасында заман озған сайын жаңашылдыққа бет түзей бастады.

Ұлы Абайдың:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер дең [1,56-б] , – деп айтуы, міне, сондықтан десек қателеспейміз. Әрине, бұл жерде өлең деген ұғымның өзі синкреттік бітімде екенін, сөздің әннен, әуеннен бөлек тұрмай, бірлікте танылатынын айта кеткеніміз абзал. Нақ осы себептен де поэзияның қазақ халқы өмірінде кеше де, бүгін де аса маңызды рөл атқарғанын, оның қашанда қоғамдық-әлеуметтік сипатта болғанын, ал азаматтық әуен, рух – жалпы қазақ поэзиясының әрқашан күретамыры, негізгі өзегі, алтын арқауы болғаны шындық екені ешқандай дәлел тілемесе керек.

Туған әдебиетімізде өзіндік орны бар белгілі шайырларымыздың бірі – ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүріп, қазақ жазба поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Сонымен бірге оның ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы, фольклортанушы, тарихшы, этнограф, педагог болғаны баршаға мәлім. Құдай берген қабілеті жан-жақты, ескіше де, жаңаша да хат таныған ағартушы ақынның өз басы өнегесіне қоса қалың халыққа өнер-білім шашып, мұның үстіне өзі өмір сүрген кездегі

ел өміріндегі өзгерістерге, елулі оқиғалар мен жаңалықтарға, жақсылықтар мен жамандықтарға дер кезінде үн қатып, өлең тілімен паш етіп отырғаны көзі тірісінде-ақ оның атын әйгілі етті. Сондықтан болар ол көп ақынның бірі, жай ақын Жүсіп болып қалмай, Мәшһүр Жүсіп атанды. Міне, осының өзі-ақ оның жас бала шағынан ақындық өнерді киелі деп біліп, қадірлеп, бұл реттегі әрбір қадамға жауапкершілікпен қарағанын аңғартады. Оның ақын ретінде әрбір айтқаны, жасаған әрбір іс-әрекеті ғана емес, ақын ретінде жазған әрбір шығармасы көпшілік көңілінен шығып отырғаны белгілі. Мұның өзі оның ұсақ, жеке бас қамын күйттеген, тақырыбы тар, отбасы қамынан артылмаған дарынсыз, кішкентай өлеңші емес, әдебиетке-ақ әлеуметтік көкейкесті мәселелерді көтере білген, көркемдікпен жеткізе алған азамат ақын болғанын байқатады. Міне, осындай азаматтық бітім, дәлірек айтқанда, осындай көзқарас, позиция, концепция ғана ақынды қазақ даласының шартарабына әйгілі етіп, одан ел билеушілері ығатын, патша шенеуніктері қорқатын ақынға айналдырса керек. Мәшһүр Жүсіпті кеңес өкіметі де құшақ жайып қарсы ала қойған жоқ. Мұның өзі оның кейінірек халық жақсы танып, дақпырттың естіп емес, қандай кісі екенін дәл біліп, әдебиеттегі төл орнын иемденуіне кедергі жасағаны анық. Оның шын мәнінде кітап деп айтуға тұратын алғашқы кітаптары – таңдамалысының 1-інші, 2-інші томдары тек 1990, 1992 жылдары жарық көруінде, 20 томдық шығармалар жинағының енді ғана 2003 жылдан бастап жариялануының осындай себептері бар. Ақын мұраларының көптомдық болып жарыққа шығуына пікір білдіре отырып, ғалым Р. Тұрысбек: «Көптомдықта әдебиеттің барлық жанрлары қамтылған әрі жүйелілік пен ізденіс, бірізділік байқалады. Әрбір туындының тақырып табиғаты, жанрлық-құрылымдық һәм көркемдік ерекшеліктері де сақталып, жазылуы мен жариялануы, нұсқалық белгілеріне де зор маңыз беріледі. Біздіңше, басты байқалар ерекшеліктердің бірі М.Ж. Көпейұлының төл туындылары мен халық мұрасы, шежірелік сипатындағы шығармалар дәстүр мен сабақтастықты, жанр мен жауапкершілікті, көркемдік мұраттарды негізгі назарда ұстаған» деген байсалды түйін жасайды [2, 64 б].

Қазақтың танымал ақындарының бәрі дерлік қоғамы ұсынған жүкті талмай көтерген азамат ақын болғаны баршаға мәлім. Арыға барсақ, Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Бұқар жырау, Махамбет, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыровтар, беріден тартсақ, Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Қадыр Мырзалиев, т. б.

Әдетте үстіне кім-кімнің де жасаған жақсы ісіне, әйтпесе қарымды қызметіне риза болып жатсақ, «Мынау азамат екен» деп жатамыз. Сонда осы азаматтық дегеннің өзі не? Ақын-жазушылар шығармашылығындағы азаматтық бітімді, әлеуметтік әуенді қалай бағалап, қалай ажыратамыз? Бір қарағанда бұл баршамызға белгілі, оп-оңай танып, тауып алатын түсінікті ұғым көрінгенімен, іс жүзінде жеңіл, бадырайып көзге көрініп, айқайлап

тұрған нәрсе емес. Ендеше ең әуелі ақын Мәшһүр Жүсіп поэзиясындағы азаматтық әуенді айқын танып, ажарлы ашу үшін мұның өзі не нәрсе екенін өзіміз біліп алмай болмайды.

Азаматтық жоқ жерде ақындық тұл. Бұл жерде сөзіміздің басындағы осындай ордалы ойға қайта оралуға, табан тіреуге тура келеді. Сонымен бірге осы мәселеге арнайы ат басын бұрып, елеулі екі мақала жазған көрнекті сыншы-әдебиетші Сағат Әшімбаевтың: «Былай қарасақ, азаматтық атты сөздің мән-мағынасынан айқын және одан туындайтын міндет пен жауапкершіліктен анық ештеңе жоқ сияқты. Сондай-ақ азаматтыққа жататын, болмаса жатпайтын жайларды ажырату да пәлендей қиын емес секілді. Ал, осы сөздің төңірегінде тереңірек ойланып көрсек, оны басқа өнер-білімімен, озық тарихымен тамсандырған елдердің басындағы терең тамырлы азаматтық дәстүрлердің даму кезеңдерімен салыстырып көрсек, біздің арамызда бұл ұғымды түсінуде тарихи тұрғыдан эталондық үлгі ретінде ұсынатындай берік қалыптасқан нақтылық жете бермейтіндігі байқалады?» [3, 45 б],- деген пікірлерін алға тартудың еш әбестігі жоқ. Гәп – бұл жерде алаштың, қазақтың басындағы азаматтық рухтың кемдігінде немесе әлсіздігінде емес. Өйткені қазақтың азаматтығы – батырлығы мен байсалдылығы – жер бетіндегі қайсы бір халықтан артық болмаса, кем емес. Тек осы бір маңызды концепциялық ұғымның мағынасы нақтыланып, алға ұсталуында, төбемізге ту сияқты көтерілуінде жатыр. Өйткені XVI ғасырда өмір сүрген француз ойшылы М. Монтень: «Халық өзінің азаматтық манифесін ғасырлар бойы қанымен де, жанымен де жазады. Азаматтық манифесі айқын емес халықтың болашағы да айқын емес»[4,278 б],- деп жазғандай, қазақ ұлты өзінің азаматтық құранын ғасырлар бойы ерлігімен де, еңбегімен де жазып келді. Бұл тұрғыдан ол көштен қалып көрген жоқ. Ендеше оның келешегі келісті екені күмәнсіз. Мәселе – алаштың азаматтық концепциясын, ақындық азаматтық кредосын айқындауда, ақиқат алға тартуда. Осы тұрғыдан келгенде алаштың азаматтық концепциясы, ақындардың азаматтық көзқарас-көсегесі қандай? Біздіңше, арғы-бергі даналардың айтқандарын еске алып, Асан Қайғы, Абайдың айтқандарын саралай келгенде, мұның өзі адам - ақынның елін – жерін, Абайша айтқанда, «қалың елі, қазағы, қайран жұртын» жақсы көріп, қадірін біліп, шын сүюінде.

Екіншіден, осылайша азамат ретінде бағалап, сүйгендіктен халқының жақсылықтарын асырып қана қоймай, жамандықтарын, келеңсіз құлық, олқы мінез-қылықтарын жасырмай әшкере етіп, ащы сынауында. Үшіншіден, осындай елді өшірер, ерді өсірмес қоғам кемшіліктерін, халық жетімсіздіктерін жою үшін ымырасыз күресе білуінде жатыр.

Бұл айтқандардан азаматтық таным, көзқарас-бағдар, позиция айқындалып, азамат ақын алдындағы әлеуметтік-қоғамдық міндеттер,

адамдық-адамгершілік парыз бен қарыз анықталып, сол үшін жауапкершілік мойынға жүктелсе керек. Ал мұндай асқаралы міндеттерді орындау тіпті де онай емес. Ақынның азаматтығы көпті оятып, қауымды жарқын болашақ үшін қимыл-әрекетке жұмылдырар жемісті еңбексіз, белсенді күрессіз, қара қылды қақ жарған әділдіксіз, шындықты қаймықпай бетке тура айтар, тура айтып қана қоймай, іске жедел асырар батылдық, батырлықсыз жүзеге аспайды.

Жоғарыда айтылғандар абзал адамдықтың, азамат ақындықтың, халық перзенті, елдің Ері болудың шын да шынайы өлшемдері болса, шайыр Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі, сөзі – алуан шығармалары осынау үлкен талап-міндеттерге қалай және қаншалықты жауап береді деген сауалға жауап іздейміз. Бұл үшін, әрине, алдымен ақынның не жазғанын, қандай тақырыптарды қозғағанын, оларды қаншалықты көркемдікпен игеріп, қазақ әдебиетіне қандай үлес қосып, қаншалық азаматтық танытқанын – өз кезіндегі елі мен жері жаңарып, халқы оянып, өсіп-өзгеруі үшін, яғни заманына лайықтылық танытып, келешегін кемелдендіруі үшін қаншалықты сөзімен көмектесе алғанын саралап, зерттеп, талдап-таразылауды жөн санадық.

Ақындықпен ұйқыдағы алашын серпілту, қоғалысқа түсіру, ел болу үшін күреске жұмылдыру, сөзімен замандастарының көзін ашып, көңілін ояту, басқа озық елдердің қатарына қосылуға бастау, өзінен көп бұрын көш бастап, халқын қамшылап, қазақтың бас ақынына, сөз көсеміне айналған Абайдың жолын жалғастыру, Абай бастаған іске үлес қосу – Мәшһүр Жүсіптің алдында тұрған ұлы да ұлағатты міндеттер болатын. Рас, бастапқы кезде – жасөспірім шағында-ақ өлең жолына түсіп, өнерін көпке таныта бастаған Мәшһүр Жүсіп бірден анық Ақын, үлкен Ақын бола алған жоқ. Ол әуелгі кезде жай төреші болу, көргенін көргеніндей етіп қағазға түсіру, сырт бақылаушыдай бағамдап-баяндау, тек ақ-қараны ажырату деңгейінен көтеріле алмап еді. Әрине, оның бұл өлеңдерінде де гибрат, насихат, өмір көріністерін көрсету кездесетін. Кейде келелі кеңес, озық ой, көркем кестелер де молынан ұшырасатыны бар. Алайда біздің іздеп отырғанымыз – қоғамды сілкі, алаштық, азаматтық мақсат-мүддеге ойысу, өзі күн кешкен қоғам, табиғат кескіндерін бедерлеу деңгейінде қалып қоймай, келешекке бет бұру болғандықтан ғана бұларды осылай қабылдайтынымыз өзінен өзі түсінікті болса керек.

Ақынның төл поэзиясы топталған кітаптары – 20 томдық шығармалар жинағының, негізінен, 1-томы мен 4-томы. Осындағы ақынның жазылуы жөнінен бізге мәлім тұңғыш өлеңі – «Исабек ишан». Ол 1871 жылы қағазға түсіріліпті. Бәлкім, осы томдықтарда Мәшһүр Жүсіптің бұдан да бұрын жазылған туындылары бар шығар. Алайда сонында дүниеге келген жылы көрсетілмегендіктен олардың қайсысы бұрынырақ жазылғанын білу қиын. Аталмыш алғашқы қыр былай басталады:

Бісімлла, сөз бастайын асыл тектен,
Түскендей асыл еді-ау аспан көктен!

Керуендей бұл дүниеге аз күн конып,
Пәниден жақсы, жаман – бәрі де өткен.
Бір жұрнақ заттан шыққан асыл еді,
Қара түгіл қожадан асып еді.
Әркімнің өз заманына дегендейін,
Тақсырдың шарапаты басым еді.
Өзі – ишан жұрт бастаған, заты –қожа,
Сейітзада нәсілі сондай таза.
Әр түрлі қасиеті еске түсіп,
Қайғымен қапаланып болдым наза [5, 229 б].

Егер Жүсіп ақынның тырнақалды туындысы осы болса, оның басталуының өзі – біз келтіріп отырған үш шумақтың өзі разы етпей ме? Құйылып тұрған қазақтың дәстүрлі кара өлеңі. Есептеп қарасақ, бұл кезде – Жүсіп бар-жоғы 13 жаста. Бүгінгі күн көзқарасымен алғанда, әлі мектептің орталау буынын бітірмеген, көжесін жылап ішіп жүрген бала. Бірақ XIX ғасырдың қалыбы бөлек жосығы басқа. Сондықтан ол осындай өлең жазған. Дәлірегі – жаза алған. Ұзақ өлең. Әрі жақсы туынды. Ал мұның өзі жасөспірім Жүсіптің тым таланттылығын, шайырлықтағы қадамын шынайы бастағандығын байқатып қана қоймайды. Сол кездегі қазақ өмірінің өз мүшелеріне – ер балалар мен қыз балаларға да қатаң талап қойып, тез ержеткізіп, бойжеткізетінін де байқататындай. «Он үште – отау иесі» деген сөз-пайым – тек мақал ғана емес, сол уақыттағы өмір шындығы, тіршілік талабы. Бұл кезде адам баласы бірінші мүшелге толып, ғұмырдың тұңғыш бел-белесіне көтеріледі. Демек, қазақтың мүшелдік жыл санауы жай ғана даналық қасиет-тұжырым емес, табиғаттың заңдылығына – адамның биологиялық-физиологиялық тұрғыдан да пісіп жетілуіне де дөп келетін шығар. Міне, осы тұңғыш мүшелінде Жүсіп ақындық тұрғыдан да адамдық-азаматтықтың алғашқы сатысына шығып үлгерген түрі бар. Осындай екі жақсы себеп-салдардың жемісі де шығар, жас автор-шайыр тұңғыш өлеңінде-ақ XIX ғасырдың үшінші ширегіндегі Арқа өмірінен, қазақ халқының ахуалынан, рухани күй-кеспірінен де жақсы хабардар етеді.

